

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ  
ҚР БФМ ФК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК  
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

## **«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»**

### **VI ХАЛЬПАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

### **МАТЕРИАЛЫ**

### **VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

### **«ҚАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»**

(27-28 ноября 2020 года)

Актобе 2020

## **БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ КОЛЛЕКЦИЯСЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨЛКЕСІ (ХХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)**

О.Ж. Тулегенов

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану қорының бейнелеу өнері коллекциясы топтамасында құнды туындылар ерекше мәнге ие. Олардың ішінде түрлі бағыттағы Ә. Қастеев, А. Простев, Кожевников, С. Кукуруза, М.А. Касаткин, Н. Альмухамбетов, Г.Г. Полуэктов, М. Жаханов, Е. Исмаилов, В. Щукин, О. Хайруллин, Ә. Өтеген-Тана, М. Жақсыгарина, Б. Целинская, М. Лунев, Н.И. Кононенколардың кескіндеме, живопись, портрет т.б көркемсурет туындыларын атауға болады. Соның ішінде музей қорына түрлі жылдары келіп түскен живопись туындылары назар аударталық, себебі коллекцияда көбіне түпнұсқа туындылар жинақталған. ХХ ғасырдың бірінші жартысына тән суреттемелерде қазақ жерінің табиғаты мен халқының тұрмысы, сол кезеңдегі саяси оқиғалар желісі немесе таптық теңсіздіктер бейнеленген. Ал сол кезеңдегі Ақтөбе өлкесінің пейзаж жанрында көрініс беруі бірнеше картиналарда көрсетілген.

Пейзаж – француздың реусаж (pays-ең, жергілікті жер) сөзінен шыққан. Пейзажда жергілікті жерлердің, сәулеттік құрылыштардың, қалалардың (ветуда), теңіз көріністерінің (марина) нақты немесе өзгерген түрлері қайта өндіріледі. Пейзаж көбіне кескіндемелік, графикалық, скульптуралық жанр көрінісі аталады. Адамды, қоршаған табиғат құбылыстары мен нысандарын бейнелей отырып, суретші өзінің табиғатқа қатысын, оның қоғаммен қабылдануын білдіреді (Бейнелеу өнеріндегі пейзаж жанры). Немесе картинада табиғат бейнеленсе, бейнелеу өнерінің бұл жанры пейзаж деп аталады. Пейзаж бейнелеу өнерінің әр түрінде кездеседі (Бейнелеу өнерінің жанрлары. Пейзаж).

ХХ ғасырдың бірінші жартысында Ақтөбе өлкесінің көріністері бейнеленген туындыларға тоқталсақ:

1. ГКП-1271. Целинская В. «Вид Актюбинска с северо-востока». 1922 жыл. Кенеп, майлы бояу. 30x75. Ақтөбе бекінісінің жазғы көрінісі, соның ішінде жыралы тәбе үстіндегі үйлер, тәбе етегіндегі өзен мен ағаш көпір, су жағасындағы ағаштар мен көгал бейнеленген. Живопись туындысын жағынды салу техникасымен (мазок) жүзеге асырған. Өндеуді талап етеді.

2. ГКП-1274. Простев А.И. «Митинг в 1905 году у дома Баконина». Кенеп, майлы бояу. 75x55. Қала халқының топ болып, жазғы күндізгі уақытта митингке жиналған көрінісі. Ортада дүйім жұрттан биіктеу болып сөз сөйлеп тұрған ер адам нақты бейнеленген. Баконин үйі бір қабатты, шатырлы жер үй.

3. ГКП- 1275. Простев А.И. «Актюбинск. Пожарная каланча. 1902 г». Қағаз, гуашь немесе темпера. Ақтөбе бекінісінің күндізгі уақытта өрт сөндіру бекеті мұнарасында тұрған кезекші бейнеленген. Күз мезгілі болуы мүмкін, себебі қара жер тақырланып көрсетілген. Бекет пен оның шарбағы украиналық көріністі еске түсіреді.

4. ГКП-1276. Простев А.И. «Актюбинск в прошлом. 1905 г.» 1952 ж. 73x50. Кенеп, майлы бояу. Откен ғасыр басындағы Ақтөбе бекінісінің жалпы көрінісі – үйлер, адамдардың күйбен тіршілігі көрініс тапқан. Алдыңғы қатарда диірменге келіп отырган шаруалар мен үй жануарлары көрсетілсе, артқы планда А.Невский шіркеуі мен адамдар тобы берілген. Уақыты – жаз мезілі, күндізгі уақыт (Ақтөбе).

ХХ ғасырдың бірінші жартысында Ақтөбе бекінісінің табиғаты, көрінісі мен тұрмысын бейнелеп кейінгі ұрпакқа етіп қалдырыған суретшілер туралы мәліметтер:

1. Целинская Валеска Юльевна (1876-1939). 1876 жылы Эстониядағы Вальск қаласында дүниеге келген, поляк ұлтынан. Ақтөбедегі бейнелеу өнері студиясында қызмет еткен, оның ескі Ақтөбе көріністеріне арналған пейзаж (майлы бояу, акварель) туындылары Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақтаулы.

2. Простев Алексей Иванович (1893-?). 1893 жылы Ақтөбе қаласында шаруа отбасында дүниеге келген. Өуелі қалалық төрт кластық училищені, сосын 1934 жылы Солтүстік Кавказ мемлекеттік институтының сурет және сзызу бөлімін бітірген. 1939 жылы «Қазақстан суретшілері» күзгі есептік көрмесіне өз этюдтерін ұсынған. ҚазКСР Суретшілер одағының Ақтөбе бейнелеу өнері студиясы мен мектептердегі сурет салу балалар үйрмесінің негізін салушы. Жас буынды бейнелеу өнеріне баулуға көп үлес қосқан бірден-бір ұйымдастыруышы (Раимбергенов, 2016, 95-96 бб).

ХХ ғ бірінші жартысына жататын түрлі бейнелеу өнері туындылары мен олардың авторларына қарап, сол кезеңдегі кәсіби сурет салу өнерінің қазақ мәдениетіне ене отыра 30-жылдары тарихи-өлкетану музейінің ашылуына және сурет, қолданбалы өнер туындыларының музей экспозициясынан орын алғаның білеміз.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1 Бейнелеу өнеріндегі пейзаж жанры. <https://stud.kz/referat/show/23123>

30. 10. 2020 ж

2 Бейнелеу өнерінің жанрлары. Пейзаж. <https://www.tarbie.kz/32646>

29.10.2020 ж

3 Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі. Бейнелеу өнері топтамасы бойынша екінші есеп кітабы.

4 Раимбергенов А.И. Особенности художественной жизни в Актюбинской области Республики Казахстан в 1920-1960 гг. – Барнаул.: 2016. – С. 95-96.



Сурет 1. Целинская В. «Вид Актюбинска с северо-востока». 1922 жыл.



Сурет 2. Простев А.И. «Митинг в 1905 году у дома Баконина».



Сурет 3. Простев А.И. «Актюбинск. Пожарная каланча. 1902 г.».



Сурет 4. Простев А.И. «Актюбинск в прошлом. 1905 г.» 1952 ж.